

Тренинг сабақ
«Академиялық адалдық мәдениеті – бүгінгі күннің талабы»



Бүгін мектебімізде 7 “А” сынып оқушыларымен «Академиялық адалдық мәдениеті – бүгінгі күннің талабы» тақырыбында тренинг сабақ өтті.

Сабақтың негізгі мақсаты – оқушылар арасында адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын қалыптастыру.

Тренинг барысында оқушылар пікірталасқа қатысып, түрлі тапсырмалар арқылы адал болудың мәнін терең түсінді.

Интерактивті жаттығулар мен ойындар олардың қызығушылығын арттырып, ұжымдық қарым-қатынасты нығайтты.

Сынып жетекшісі Ысқақ А.Н. адалдық – тұлғаның басты қасиеті екенін атап өтіп, әр оқушыны өз еңбегіне сенуге шақырды.

Сабақ соңында оқушылар адалдық пен әділдікке негізделген білім алудың маңызын мойындады.

Мұндай тренингтер оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.